

**2014 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 81 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2014 жылғы 26 наурызда № 2583 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 7 тамыздағы № 867 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы әкімдігінің 07.08.2014 № 867 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бәйдібек ауданы бойынша 2014 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырмын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 15 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Т.Дәрменбаев*

Бәйдібек ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы «25» ақпандағы  
№ 81 қаулысына қосымша

**Бәйдібек ауданы бойынша 2014 жылға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері**

№	Дақылдар түрлері	Егістіктің оңтайлы себу мерзімдері		Ескертпе
		басталуы	аяқталуы	
1	Күздік бидай	15.10.2013ж.	15.11.2013ж.	Тәлімі және суармалы жер
2	Жаздық бидай	10.03.2014ж.	01.04.2014ж.	Суармалы жер
3	Мақсары	06.03.2014ж.	05.04.2014ж.	Тәлімі жер
4	Жоңышқа	15.03.2014ж.	10.04.2014ж.	Тәлімі жер
5	Жүгері	25.04.2014ж.	10.05.2014ж.	Суармалы жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК